



ХҒТАР 16.21.47
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2026-154-1-220-231>

«Мұқаддимат әл-әдаб» ескерткіші тіліндегі зат есімнің жасалу жолдары

Г.Ж. Утегенова¹ , Ж.Ж. Кансейтова^{1*} , Г.Ж. Қансейтова² 

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

²А. Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: Gulzi_2615@mail.ru¹, jumagul-73@mail.ru¹, gulgulkanseitova79@gmail.com²)

Аңдатпа. Мақалада түркі тілдерінің тарихын зерттеудегі құнды мұра «Мұқаддимат әл-әдаб» жазба ескерткішінің тілі талданады. Көне жазба ескерткіштерді зерттеу – тіл ғылымы үшін ғана емес, жалпы гуманитарлық сала үшін маңызды бағыт. Мұндай еңбектер белгілі бір кезеңнің тілдік жүйесін, мәдени болмысын, әлеуметтік құрылымын тануға мүмкіндік береді. Әсіресе «Мұқаддимат әл-Әдаб» мұраларын талдау арқылы сол кезеңдегі сөз қолданысы, сөйлеу дағдысы, әдеби тілдің деңгейі, халықтың дүниетанымдық көзқарасы айқын көрінеді. Бұл ескерткіш тек лингвистикалық дерек қана емес, әдеби, тарихи, этнографиялық тұрғыдан да құнды материал болып саналады. Оның тілі арқылы түркі халықтарының мәдени даму кезеңдері, рухани мұрасы және тілдің эволюциялық бағыты жөнінде тұжырым жасауға болады. Ұлттық тіл тарихын зерделеу қазіргі қазақ тілінің қалыптасуындағы тарихи негіздерді терең түсінуге жол ашты. Көне түркі тілдерінің қазақ тіліне ықпалын, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ортақ белгілерін анықтау – тіл біліміндегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұған қоса, тарихи жазбаларды этнографиялық әрі мәдени контекстпен байланыстыра қарастыру да маңызды: бұл белгілі бір дәуірдің қоғамдық қатынастарын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын тануға көмектеседі. Қазақ тілінің даму тарихында көне түркі ескерткіштерінің тілі мен стилі қазіргі тілдің лексикалық қоры, грамматикалық құрылымы, сөзжасам жүйесін түсіндіретін негізгі дереккөздердің қатарында. Тілдің уақыт өте өзгеру, даму заңдылықтарын, ескі мен жаңа тілдік қабаттардың байланысын зерттеу арқылы қазақ тілінің тарихи тамыры, көне түркілік негіздері айқындалады. Бұл зерттеу «Мұқаддимат әл-Әдаб» ескерткішінің тілін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан қарастырып, қазақ тілінің қалыптасуындағы көне түркі мұрасының орнын, сөзжасамдағы сабақтастықты, грамматикалық құрылымның тарихи дамуын анықтауды мақсат етеді.

Түйін сөздер: түркі тілдері, жазба ескерткіш, морфология, зат есім, сөзжасам, грамматика, тарихи лексика, тіл тарихы, семантика.

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.02.2026; Онлайн қолжетімді: 30.03.2026

Кіріспе

Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштердің тілін, соның ішінде сөзжасам жүйесін зерттеу қазақ тілінің қалыптасуы мен даму жолын тереңірек түсінудің маңызды тетігі. Сол дәуір мұраларында ұшырасатын сөздердің құрылымы, тұлғалық ерекшеліктері бүгінгі қазақ тілі жүйесіне елеулі ықпал еткен. Бұл ескерткіштердегі лексикалық, грамматикалық белгілерді, сөз тудырушы жұрнақтардың қолданылуын қазіргі тілдік жүйемен салыстыра қарастыру тіл дамуының заңдылықтарын аңғаруға мүмкіндік береді. Мұндай салыстыру жаңа лексикалық мағыналардың қалыптасуы мен семантикалық өзгерістердің сипаты жайында құнды дерек саналады. Орта ғасыр ескерткіштеріндегі сөзжасам жүйесі қазіргі қазақ тілімен көптеген ұқсастықтарды сақтап қалған, түбір сөздер де, одан тараған туынды сөздер де мол. Жұрнақ арқылы жаңа сөз жасау кең тараған, мұндай туынды сөздер сөйлем ішінде өзіндік қызмет атқарған. Жұрнақтар арқылы адамның әлеуметтік дәрежесін, іс-әрекет сипатын, заттың қасиетін білдіретін атаулардың көп жасалуы сол дәуір тілінің жүйелі болғанын байқатады. Орта ғасыр жазба тілін зерделеу қазақ тілінің тарихи дамуын, құрылымдық және мағыналық өзгерістерін ғылыми негізде терең ашуға жағдай жасайды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінде зат есімдердің құрылымы бай, түр-түрімен келеді. Бұл кезеңде зат есімдер жалаң және күрделі болып бөлінген, ал жалаңдары өз ішінде түбір, туынды түрлерге жіктелген. Мұндай жіктеу сол дәуір тілінің морфологиялық құрылымын тануға ықпал етеді. Ескі қыпшақ жазба мұраларында, жалпы түркі тілдерінде зат есім жасау көбіне морфологиялық тәсілдер арқылы іске асқаны белгілі. Ол тәсілдер синтетикалық және аналитикалық үлгіде көрінеді, *синтетикалық тәсіл* – негіз сөзге қосымшалардың жалғануы арқылы жаңа сөз не жаңа мағына жасау; *аналитикалық тәсіл* – негіз сөз бен көмекші сөздердің тіркесуі арқылы пайда болатын сөзжасам. Айырмашылығы болғанымен, көне түркі, ескі қыпшақ ескерткіштерінде бұл екеуі қатар қолданылған. Жүргізілген зерттеулер мұндай үлгілер сол дәуір тілінің жүйелілігін, құрылымдық тұрғыдан дамығанын көрсетеді. Ескі қыпшақ дәуірі ескерткіштерінде қосымшалар арқылы жасалатын зат есімдердің жасалу жолдары екі арнаға тіреледі. *Түбірге қосымша жалғау арқылы жаңа мағыналы сөз тудыру*. Түркі тілдерінде бұл өте өнімді тәсіл, сол арқылы көптеген туынды зат есімдер қалыптасқан. Мұндай қосымшалар сөйлем ішінде заттың қасиетін, мөлшерін, көлемін, қатысын білдіруге қызмет еткен. *Екінші тәсіл, басқа сөз таптарынан зат есім тудыру*. Бұл түркі тілдеріне ортақ құбылыс, зат есім тек өз негізінен ғана емес, етістік, сын есім сияқты өзге сөз таптарынан да жасала береді. Көне түркі мен ескі қыпшақ жазба мұраларындағы үдерістер кейінгі түркі тілдерінің қалыптасуына тірек болған. Әсіресе, синтетикалық жолмен жасалған туынды зат есімдердің түрлері, формалары тілдің тарихи жүйесін, морфологиялық заңдылықтарын, даму ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді.

«Мұқаддимат әл-Әдаб» жазба ескерткіші тілінде есім сөздер, етістіктер, басқа сөз таптарын жасауда әртүрлі сөз түрлендіруші қосымшалардың қолданылғаны байқалады. Қосымшалардың бір тобы ескерткіш тілінде сөз тудыру қызметін атқарса, екіншісі сөз түрлендіруге бағытталған. Бұл қосымшаларды синтаксистен бөлек қарау да қиын,

өйткені морфологиялық құрылым, синтаксистік жүйе бір-бірімен тығыз байланысты. Морфология сөздің сыртқы формасын, құрамдық бөлшектерін, олардың байланысын зерттейді, алайда қосымшалардың қызметі сөйлем ішіндегі қолданыспентікелей астасып жатады. Сондықтан жазба ескерткіш тілін талдағанда морфологиялық, синтаксистік белгілерді қатар қарастыру қажет. Зерттеу әдістері ғылыми жұмыстың дәлдігін, сенімділігін қамтамасыз ететін негізгі тірек. Дереккөздерді жинақтап, жүйелеп, талдау барысында түрлі ақпарат көздері қамтылып, мазмұны терең қарастырылды. Мұндай жұмыс тақырыпты кеңірек түсінуге, бұрынғы зерттеулердің нәтижесін салыстыруға, тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Медиалингвистикаға қатысты ғылыми әдебиеттер мен оқулықтарды саралау негізінде «Мұқаддимат әл-Әдаб» ескерткішінің тілдік жүйесі, стильдік, коммуникативтік ерекшеліктері қарастырылды. Негізгі тәсілдердің бірі – салыстырмалы әдіс, ол бірнеше нысанды қатар алып, ортақ және дара белгілерді айқындауға бағытталады. Бұл арқылы әртүрлі контекстердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар нақтыланып, жалпылама қорытындылар жасалған. Сонымен бірге сипаттау әдісі қолданылып, ескерткіштің құрылымдық жүйесі мен басты белгілері сипатталды, материалдың мәнді тұстары, ішкі заңдылықтары анықталды. Әдістерді кешенді пайдалану арқылы зерттеудің ғылыми негізін нақтылап, алынған нәтижелердің сенімділігін күшейтті.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Мұқаддимат әл-Әдаб» тілдік жүйесінде сөздердің құрылысы басқа түркі тілдеріне ұқсас, түбір және оған жалғанған лексикалық не грамматикалық қосымшалардан тұрады. Осындай бірліктер сөздің мағыналық, құрылымдық негізін қалыптастырады. Ескерткіш тілінде түбір, туынды түбір сөздер негізгі база ретінде көрінеді. Мәселен, *ет (ет), сүт (сүт), бал (бал), аш (аш), ун (ұн), йағ (май), үкі (үкі), йүк (жүк), уйа (ұя), йүн (түн)* сияқты түбірлер жазба ескерткіш лексикасының өзегін құраған. Сонымен бірге мәтіндегі сөздер құрылымына қарай дара, күрделі болып бөлінеді. Дара сөздер бір ғана түбірден тұрса, күрделі сөздер екі не одан көп компоненттің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы, *йар (жар), кервен сара (керуен сарай), темүрқазуқ (темірқазық – жұлдыз атауы)*. Бұл деректер ескерткіш тілінің морфологиялық құрылымы түркі тілдеріне ортақ заңдылықтарды сақтап, қазіргі қазақ тілінің тарихи дамуымен тығыз байланыста болғанын аңғартады. Н.А. Кононов «Грамматика современного узбекского языка» еңбегінде [1] жазба ескерткіштер тіліндегі сөздердің дені он сөз табына жіктелетінін көрсетеді (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, жалғаулықтар, жұрнақ, одағай). Зат есімдерге қатысты өнімді, өнімсіз жұрнақтардың морфологиялық құрылымдағы орны ерекше. Өнімді жұрнақтар арқылы жаңа зат есімдер жасау белсенді жүріп, тіл дамуына ықпал етеді. Ал кішірейту, еркелету мәніндегі жұрнақтар әрбір сөздің семантикасын кеңейтіп, эмоционалдық реңк қосады. Осындай қосымшалар арқылы қоршаған ортаға көзқарас, қатынастың нәзік қырларын білдіруге болады. Бұған қоса, синтаксистік тәсілдер зат есім қалыптастыруда елеулі қызмет атқарады, есім сөздердің тіркесі мен сөйлем ішіндегі орны кейде жаңа атаулардың пайда болуына мүмкіндік береді. Мұндайда мағыналық байланыс пен құрылым жаңа семантикалық реңк береді, тілдің қозғалысын байқатады. Мәселен, *-чақ, -чық, -лық, -лік, -дық, -даш, -деш, -ув, -лук*,

-сүк, -ған жұрнақтары зат есімдердің түрлену жолдарын, семантикалық ерекшеліктерін көрсетеді.

«Мұқаддимат әл-Әдаб» тілінде қимыл-әрекеттің нәтижесін білдіретін жұрнақтар көп қолданылған. Мысалы, *-а, -е: йар* – ескі түбірі, *йарлығ* – жараулы; *йара* – жара; *-ғақ, -геқ, -қақ, -кек: қ-ру* – құрға, *қ-руғақ* – құрғақшылық; *-ғун, -гун, -ғын, -зын, -қын, -күн: тұтғун* – тұтқын, *ушқун* – ұшқын, *йарқын* – жарқын. Ескерткіш тілінде сөз тудыру, жаңа сөз жасау тәсілдері грамматикалық құрылымның маңызды бөлігі саналады. Сондықтан бұл мұраны зерттегенде түпкі сөз бен қосымшаны ажыратып, жұрнақтың өнімді-өнімсіздігін анықтау керек. Талдау нәтижесі ескерткіште жиі қолданылатын есім тудырушы қосымшаларға *-ча, -чақ, -қ* жататынын, ал сирек ұшырайтындарына *-туқ, -ге* тәрізді жұрнақтар кіретінін көрсетеді. Мұндай жиілік жазба тілдің морфологиялық құрылымын, сөзжасам заңдылықтарын нақтырақ танытады.

Ескерткіш тілінде есім сөздерге жалғанып, зат есім жасайтын жұрнақтардың бірнеше түрі бар. Солардың ішінде ең жиі қолданылатындарын атап өтуге болады: *-қ // -к, -ақ // -ек* жұрнақтары көбіне кішірейткіш мағына береді. «Мұқаддимат әл-Әдаб» тілінде бұл үлгінің *-қ, -к, -ақ, -ек, -әк, -ық, -иқ, -уқ, -үк* нұсқалары кездеседі. Кейде кішірейту мәнінде жұмсалғанымен, уақыт өте келе, түбірдің бастапқы мағынасын өзгертіп, жаңа лексикалық бірлік жасауға қызмет еткен. Мәселен, *-к* жұрнағы көрк (көрік) сөзін жасап, түбірге қосымша реңк үстеп тұр. Сол сияқты *-ақ* жұрнағы сақақ (иек) сөзінде етістіктен туындаған есім тұлғасын қалыптастырады. Түбір есімдерге жалғанатын *-ма // -ме* жұрнағы да зат есім тудыруда елеулі орын алған қосымша. Мысалы, *-ма* қосымшасы (соқыр) сөзінде қолданылып, жаңа зат есімдік мағына береді. Жалпы бұл жұрнақтар тек морфологиялық қызметпен шектелмей, мағыналық реңкті өзгертіп, сөздік қордың ұлғаюына ықпал еткен. *-Чақ // -чек, -чық // -чік* жұрнақтары көне түркі тілдерінде *ч+ақ, ч+ық* тұлғаларынан құралған күрделі қосымша ретінде танылады. Түбірге жалғану арқылы бірнеше мағыналық реңк үстейді. Негізгі қызметі үш бағытта көрініс тапқан: а) кішірейту мәні; ә) түбір мағынасын түрлендіріп, жаңа зат атауын жасау; б) кәсіп, қызмет иесін білдіру. Мысалдар бірінші мағынада: *сығыр* (өгіз) → *сығырчық* (өгізше); екінші мағынада: *іч* (*іш*) → *іччек* (*ішек*); үшінші мағынада: *өрүм* (*өрім*) → *өрүмчік* (өрмекші). Жазба ескерткіштер мен кейінгі түркі тілдерінде осы жұрнақтар негізінде жасалған сөздердің мағыналық дамуы анық байқалады: *балчық* (*балшық – лай*), *есенлік* (*есендік – амандық, саулық*), *чузув, йазмақ* (*жазу, сызу*), *ашлық* (*астық*), *турумчақ* (*жас тайлақ*), *бурундық* (*мұрындық – түйенің мұрындығы*), *қарындаш* (*туысқан, бауыр*), *үрім-бұтақ* (*ағайын-туыс, ұрпақ*).

Қазақ тілінде осы үлгі сақталған тұлғалар ұшырайды: *ата қарындаш, ана қыз қарындаш, йердеш* (*жерлес*), *ерсүк* (*ойнасқор, ерқұмар әйел*) сияқты сөздер көне түркі түбірлерінің тарихи жалғасы ретінде қарастырылады. Мысалы, *балчық* (*балшық*) сөзі қыпшақ дәуіріндегі бірнеше жазба ескерткіштерде де, түркі тілдерінде де кездесіп, түрлі фонетикалық нұсқада (*балчық // балчуқ // балчых // балшық*) «грязь, глина, тина, ил» мағыналарын білдірген. Бұдан *-чақ, -чық* типтес жұрнақтардың өнімді, әрі мағыналық қызметі кең болғанын көреміз, олар жаңа сөз жасаумен бірге сөздің семантикалық дамуына ықпал етіп, қазіргі қазақ тілінің морфологиялық жүйесінің қалыптасуына да әсер еткен. *Турумчақ* сөзі (*екі жасар тайлақ*) құрамында *-чақ* жұрнағы арқылы жасалған тұлға. А.Зайончковскийдің пікірінше, *-чақ // -чах* қосымшасы кішірейту мағынасын білдіретін аффикс ретінде жұмсалған. Қазақ тіліндегі *тоқты – торым* сөздерімен

мағыналас. ДТС материалдарында *турум // торум* тұлғалары «жас түйе» (верблюжонок) мағынасын үстейді. Ал *-туқ // -түк, -дуқ // -дүк* жұрнақтары түбірге жалғанғанда оның бастапқы мағынасын өзгерткенмен, туынды сөз түбірмен семантикалық байланысын сақтап қала алады. Яғни, түбірден мүлде ажырап кетпей, белгілі бір байланыс белгісін көрсетеді. Мысалы, *қол (қол) → қолтуқ (қолтық), бурун (мұрын) → бурундұқ (мұрындық)*. Соңғысы түйенің мұрын шеміршегінен өткізілетін шағын темір немесе ағаш тетікке қатысты айтылады (стерженок, тонкая палочка, продеваемая через хрящ под ноздрями верблюда, к которой привязывают поводок). Мұндай тұлғалар түркі және қыпшақ тілдерінің көпшілігінде кездесіп, әртүрлі аллофондық нұсқаларда қолданылады [2, 126].

Ескерткіш тілінде *-ман // -мен* жұрнақтары ұшырасады. Бұл қосымшалар есімшенің келер шағына жалғанып, зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақ ретінде көрініс тапқан. М. Қашқари оның парсы тіліндегі «тектес, тәрізді, сияқты» мағынамен байланысты қолданылатынын айтады. Ал С.Аманжолов *-ман* тұлғасы араб тілінен «адам» мағынасында енген, кейін дербес жұрнаққа айналған деген пікір ұсынады. Осы мысалдар арқылы көне ескерткіштердегі жұрнақтардың мағыналық әрі қызметтік дамуы қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасам жүйесіне тікелей негіз болғанын көруге болады.

-Ман // -мен жұрнақтары көне түркі тілдерінде адамдар арасындағы қоғамдық қатынасты және заттың бейімділік, икемдік қалпын білдіруге де жұмсалған. Бұл арқылы жасалған сөздер көбіне әрекет иесін, белгілі бір іске қатысушыны аңғартады. Мысалы, *талаш (талас) → талашман (таласушы, дауға қатысушы)*. Мұндай тұлғалар морфологиялық тәсілмен жасалған зат есімдер қатарына жатады, басқа сөз таптарына тиісті жұрнақ жалғану арқылы пайда болады. Кейбір жұрнақтар түбір мағынасына тек қосымша реңк қосса, енді бірі түбірдің мағынасын едәуір өзгертіп жібереді.

XIII-XIV ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде зат есімдер мынадай жұрнақтар арқылы жасалған: *-мақ, -мек, -чық, -үк, -үт, -ақ, -үм, -ым, -уш, -чі, -ған, -мач, -рек, -іш, -аш, -ерү, -сун*. Мәселен, *-мақ* жұрнағы етістік түбіріне жалғанып, зат есім жасайтын өнімді, құранды жұрнақ ретінде жиі кездеседі. Ол қазіргі тілдегі тізбек, батпақ, шақпақ сияқты сөздермен сәйкес келеді, мұнда етістік негізге *-пақ, -бек, -мақ* тұлғалары қосылып жасалған. Сонымен қатар *-мақ* арқылы жасалған атаулар көбіне құрал-сайман, аспап аттарын, кейде киім түрлерін, заттардың жиынтық атауларын білдіреді. Демек, ескерткіш тіліндегі *-ман, -мек, -мақ, -чық, -үш* сияқты жұрнақтар көне түркі тілдеріндегі туынды зат есімдердің жасалу тетігін көрсететін маңызды құралдар. Жазба ескерткіштерде тағам атауларын білдіріп те қолданылған, «*-мақ, -мәк* встречается, как пережиточный аффикс, в изолированных словах различного значения» [3,171].

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөздер морфологиялық тәсілмен, яғни түбір мен қосымша арқылы жасалған. Мәселен, *тутылмақ – тұтылу (айдың немесе күннің тұтылуы), көкремек – күркіреу (найзағайдың, күннің күркіреуі), есмес күн – (жел соқпай, тынық тұрған уақыт), тамчық – тамшы (ұсақ тамшы), үйүк – үйік, төбе (үйінді жер, төмпешік), айры – айрық (таудың екіге айрылған бөлігі), йебүлдүрек – жапырақ (ағаштың жапырағы), кечүт – (судан жаяу өтетін жер, өткел), қышқач – шаян, сувлачан – суалшаң, йалдрым және сырча – шыны, әйнек (жарқылдап, жылтырап тұратын зат), боллуқ – байлық, молшылық, жетілу, жетісу, бузмақ – талау, талап алу*. Осылардың өзі *-мақ, -мек, -үк, -чық, -лық* тәрізді жұрнақтардың көне түркі тілдерінде белсенді қызмет атқарғанын аңғартады. Соның ішінде *-лық* жұрнағы зерттеліп отырған жазба мұраларда ең жиі ұшырайтын, аса өнімді қосымшаның бірі. Оның тіл дамуының әр

кезеңінде фонетикалық варианттары көп болған. Мысалы, «Хұсрау уа Шырын», «Нахдж әл-Фарадис» ескерткіштерінде сегіз түрлі нұсқа кездеседі: *-лық, -лик, -луқ, -лүк, -лығ, -лиғ, -луғ, -лүг*. Ал «Мухаббат-наме» ескерткішінде тек *-лық, -лик, -луқ* түрлері ғана кездеседі. Жазба ескерткіштер тілінде *-лық* жұрнағының қызметі кең, ол сын есім де, зат есім де тудыруда жиі жұмсалады. Қосымша көп мағыналы болып келіп, заттың қасиетін, қатысын, белгілі бір ұғымға тән белгіні білдіре алады (жастық, байлық, достық, салмақ, тереңдік т.б.). *-Лық // -лик* көне түркі тілдерінде өнімді морфологиялық құрал ретінде қалыптасып, қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне тікелей әсер еткен.

Зат есім жасап абстракт ұғымдарды білдіретін тұлғалар. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *-лық // -лік, -луқ // -лүк* арқылы жасалған сөздер абстракт мағыналы зат есімдер тудырады. Оларды семантикалық тұрғыдан бірнеше шағын топқа бөлуге болады:

а) сын есім негізінен туындап, сапа мен күй-қалпын білдіретін зат есімдер

Йаманлық (жамандық): йаманлық қылған ергә егүлік қыл – «жамандық жасаған адамға жақсылық істе» (Г.326).

Есенлік (есендік): сөз түбірі көне қыпшақ жазбаларында кездеседі: тас – есен (сау, аман, дені бүтін).

Ашлық (астық): А.Зайончковский еңбектерінде бұл сөз «зерновой хлеб, зерно» деп түсіндіріледі. Шығыс түркі тілдерінде ашлық, ашлығ тұлғалары «дәнді-дақыл, астық» мағынасында жұмсалған. Сонымен қатар *ашла (жемеу), ашлақ (тағам, ас), ашлық (азығы бар, тоқ адам)* тәрізді нұсқалары кездеседі [2, 62].

Ачлық (аштық): Өкүш йың әрмін ачлық бирлә алмәк – аштықтан өлу өте қиын (XIII, 84 б.16).

ә) Адамның мінезі мен іс-әрекетіне қатысты абстракт ұғым жасайтын тұлғалар. Бұл қатардағы сөздер, әдетте, адамгершілік, моральдық не әлеуметтік қасиеттерді білдіреді.

Кишілік (адамгершілік): йар өлтүрмәк кишілік ермез – досыңды өлтіру адамдыққа жатпайды (XIII, 195 б.17).

Фузуллуқ (арсыздық): фузуллуқ қылма, өз орнуңда тур тек – «арсыздық жасама, орныңды біл» (XIII, 218).

Ұлұғлұқ (ірілік, мәрттік): Мәгәр кішілікні ұныттың ким, ұлұғлұқ естірсін – «кішіпейілдікті ұмытқаннан ірілік күтпе» (Г, 273 б.7). б)

б) Жануар атауларына жалғанып, абстракт мағынадағы зат есім жасау. Мұндай сөздер көбіне белгілі бір мінез-құлықты, бейнелік сипаттарды білдіреді:

Бөрилик (бөрілік, қасқыр мінез): Бөрилик қой, чабан қыл ишиңни – «бөрілік мінезіңді қой, шопанға ұқсап істе» (XIII, 168 б.19).

Тилкүлүк (құлық, айлакерлік): Арслан тилкүлүк қылса йәрашмаз – «арыстанға құлық жараспайды» (XIII, 167 б.12).

в) Сын есімге жалғанып, дерексіз мағынада жаңа зат есім тудыру

Түгәллік (түгелдік, бүтіндік): Түгәллік йәхшы – «бүтіндік – жақсы қасиет» (XIII, 16 б.20).

Келтірілген деректер көне түркі ескерткіштеріндегі *-лық // -лік* жұрнақтарының абстракт ұғым жасаудағы рөлін анық көрсетеді. Осы жұрнақтар арқылы сапа, мінез, моральдық қасиет, жалпы ұғымдық мәндер жасалып, түркі тілдеріндегі дерексіз атау жүйесінің қалыптасуына елеулі үлес қосады.

Адамның атағы, дәрежесін білдіретін негіздер арқылы әлеуметтік мәртебе мен кәсіби қызмет атауларын жасау. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *-лық // -лік* жұрнағы адамның әлеуметтік жағдайын, дәрежесін, кәсібін білдіретін зат есімдер жасауға жиі қолданылған.

Беклік (бек қызметі, билеушілік): Арзу билән беклік ғасил болмас – «тек арманмен ғана бек болу мүмкін емес» (Г, 190).

Құллық (құлдық, қызмет ету): Бу ол му, йа дәгүл му билсә болмаз, ики әрклиггә құллық қылса болмаз – бұл ма, әлде басқа ма, айыру қиын, екі үкіметке қатар қызмет етуге болмайды (XIII, 49 б.3).

Ханлық (хандық, патшалық): Бу күн ханлық бозынға кәртү хан сән – бүгін хандыққа лайықты хан сенсің (XIII, 114 б.14).

Түрлі мақсаттағы заттар мен тұрмыстық бұйым атаулары. Бұл топтағы *-лық // -лік* тұлғалы сөздер тұрмыстық заттар, материалдық бұйым атауларын білдіреді.

Ашлық (бидай, дән, нан): Йер уруқ алмайынча бермәз ашлық – «жер ұрық алмайынша, бидай да өнім бермейді» (XIII, 204).

Түңлүк (түндік): Соңы айдың тег оң түңлүкдан енгай – «ай сәулесі түндіктен енеді» (XIII, 86).

Өлшем және бірлік мағынасындағы зат есімдер. Бұл қызметте *-лық* жұрнағы сирегірек ұшырасады, дегенмен ескерткіштерде жекелеген мысалдар кездеседі.

Бірлік (бірлік, тұтастық): Анық бирликангә берүр тануқлук – «оның бірлігіне куә болады» (XIII, 5 б.16).

Шыққан орын, мекен және тиістілік мағынасы. Кейбір қолданыстарда *-лық // -лік* жұрнағы мекен-жайды, белгілі бір ортаға қатыстылықты білдіреді. Мұндай үлгілер көбіне «Гулистан бит-түрки», «Хұсрау уа Шырын» ескерткіштерінде кездеседі.

Кавунлық (қауындық, қауын егілген жер): Гәр йесе қази алип бартил сәндән беш хийар он кавунлық ғасил етәргә қыл йарар – егер қазы сенен бес қияр пара алса, он қауындық бақшаны саған береді (Г, 16 а 3).

Уштмақлық (жұмақ тұрғыны): Тәмұғлық қыл мени йа ғәм уштмақлық – мені не тозақтың, не жұмақтың тұрғыны ет (XIII, 17 б.16).

Еллік (белгілі бір елге тиесілі): Не еллік болурсиз? – қай елденсіз? (XIII, 52 а 3).

Ә. Керімовтің деректеріне қарағанда, *-лық // -лік* жұрнағымен жасалған туынды сөздердің саны аз емес. «Хұсрау уа Шырын» дастанында – 245, «Гулистан бит-түрки» дастанында – 55, «Мухаббат-наме» жазба ескерткішінде – 6 туынды сөз тіркелген [4, 160]. Бұл мысалдар мен сандық мәліметтер *-лық // -лік* жұрнағының түркі тілдеріндегі өнімділігін, көпқызметтілігін айғақтайды: ол әлеуметтік мәртебе атауларын да, заттық атауларды да, мекендік және дерексіз ұғымдарды да тудыруда маңызды қызмет атқарған.

Қазіргі түркі тілдерінде *-лық // -лік* тұлғасы ең өнімді сөз тудырушы жұрнақтардың бірі болып саналады. Қолданылу аясы өте кең, мағыналық реңктері көп. Сондықтан түркі тілдеріндегі *-лық // -лік* қосымшасын бір ғана грамматикалық мағынамен шектеу қиын, оны нақты бір сөз табына ғана теліп қою оңай емес. Қазақ тілінде де *-лық // -лік* жұрнақтарының семантикалық қызметі әр алуан болып келеді. Әуелгі, негізгі мағынасы қатыстық сипатпен байланысты болған. Кейін бұл тұлға заттық ұғымдағы есімдер жасауға бейімделіп, дерексіз, нақты зат атауларын тудыратын қызметке көшкен. Мысалы, *беклік (қызмет атауы) → беклік (әлеуметтік мәртебе, «бек болу» қасиеті); жастық шақ → жастық (зат есім, нақты ұғым)*. Яғни, бастапқыда қатыстық мәнде

жұмсалған жұрнақ уақыт өте дербес заттық мағынаға ие бола бастаған. Түркітануда *-лық // -лік* жұрнағының табиғаты, семантикалық өрісі туралы әртүрлі көзқарастар бар. Бұл тұста Н.К. Дмитриевтің пайымын ұсынсақ болады. Ол жұрнақтың қызметін былайша сипаттап көрсетеді: «при всём многообразии функций, природа аффикса является идеей концентрации или объединения чего-либо; сперва конкретных предметов, а потом и абстрактных» [5,171].

Қазіргі түркі тілдерінде бұл тұлға өнімді, көпқызметті, семантикалық аясы кең жұрнақ ретінде танылған, зат есіммен, сын есіммен, кейде етістік негіздерімен байланысып, сөзжасамға белсене қатысып, лексикалық қордың баюына ықпал етеді. В.А.Серебренников, Н.З.Гаджиева *-лық, -лік* қосымшасының шығу тегі, қолданылуы туралы да назар аударарлық пікір айтқан. Олардың ойынша, бұл тұлғалар әуелде көптік немесе жинақтау мәні бар күрделі аффикс болған [6, 302]. Уақыт өте мағынасы тарылып, қазіргі түркі тілдерінде заттық, дерексіз ұғым тудыратын өнімді жұрнақ ретінде орныққан.

Ежелгі және орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінде жиі ұшырасатын тағы бір өнімді тұлға – *-сыз // -сіз* жұрнағы. Бұл қосымша көбіне зат есім негізіне жалғанып, болымсыздық мағынаны білдіреді. Қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде кең қолданылып келеді. Қазақ тілінде ол екі фонетикалық нұсқада – *-сыз* және *-сіз* түрінде ұшырасады. М.Томанов өз еңбектерінде *-сыз* тұлғасының *-сар* аффиксімен төркіндес морфема екенін атап көрсеткен. Бұл дерек *-сыз // -сіз* жұрнағының тарихи негізі тым ертеден басталатынын, мағыналық дамуының бірізді жүргенін аңғартады.

-Шы // -ші жұрнағының тарихи қалыптасуы және қазіргі тілдегі қызметі. Зат есім мен етістіктен зат есім тудыратын өнімді жұрнақтардың бірі – *-шы // -ші*. Қазіргі әдеби тілде ол морфологиялық тәсілмен жаңа сөз жасауда белсенді қолданылады. Негізгі қызметі – кәсіп, мамандық, іс-әрекет иесін білдіретін атаулар жасау болып табылады (құрылысшы, малшы, оқытушы, егінші сияқты).

Ғалым А.Г. Гулямов осы аффикстің даму, қалыптасу тарихын мынадай формада ұсынған: «Аффикс *-чи* первоначально имел форму *-ч*, потом к нему присоединился формант *-и*, и получилась расширенная форма аффикса; в дальнейшем *-чи* начал присоединяться и к другим словам» [7, 15]. Осы көзқарас негізінде, *-шы // -ші* формасы *-ч* пен *-и* аффикстерінің қосылуы негізінде құралғандығы туралы ой салады.

Адамның еңбегі, мамандығы, саяси бағыты және басқа да ерекшеліктеріне қатысты жалпы дерексіз, жалпы заттық, нақтылы мағыналы зат есімдер жасауға *-шы* жұрнағы әртүрлі негіздерге жалғанады: негізгі түбірлі (әнші, сыншы), туынды түбірлі (егінші, сауыншы), біріккен түбірлі (қолбасшы, шекарашы), қысқарған түбірлі (колхозшы) тұлғалардан зат есім тудырады.

Аталған жазба ескерткіште *-чы, -чи, -чі* жұрнағының мынадай фонетикалық нұсқалары кездеседі. Бұл зат есім тудырушы тұлға мынадай мағыналар береді:

1) *Есімдерге тіркесіп, кәсіп, мамандықты білдіреді:*

Егінчи (егінші): Егінчиләр келип шикайт қылдылар – Егіншілер келіп арыз айтты /Г, 91 69/.

Елчі (елші): Беш башлы елчі келіір – Бес басты елші келеді /КК,16/.

Авчы (аңшы): Менің Қам авчы йүгрук ітларім бар – Менің де аңшы жүйрік иттерім бар /ХШ,15/.

Битигчи (хатшы, көшірмеші): Оқуды хас битигчисин қатынға – ол өзінің жеке хатшысын шақырды /XIII, 14166/.

Күзәтчи (күзетші): Йәнә тапса күзәтчисиз ачуқ дүр – күзетшісіз қалған қымбат тасты тапса / Г,62610/.

Отачы (дәрігер): Отачы нечә ким билсә тамардын – тамыр ұстап ауруды білетін дәрігер /XIII,63611/.

2) *Есімдерге жалғанып, адамның қасиетін, жақсы не жаман сапасын білдіреді:*

Күрәшчи (балуан): бір күрәшчи пәғләван алтмыш түрлі күрәш илмин билүр ерди – Бір балуан алпыс түрлі күрес тәсілін білетін / Г, 74 б 4/.

Йалғанчы (өтірікші): Йалғанчы душман көр болсун – Өтірікші жау соқыр болсын / XIII, 178 а 5/.

3) *Субъектіні білдіріп, зат есім тудырады:*

Әпчи (әйел): Бұл сөздің түбірі «еп» – үй. Қазіргі хақас тілінде *епчи* «әйел» мағынасында жұмсалған. Бұл сөзжасам жұрнағы ерте дәуірден субъектіні білдіретін негізгі мағынада қолданылып келеді. Оның шығу тегі туралы түрлі болжамдар бар. Мәселен, Г.Рамстедт мұны қытай, корей тілдеріндегі *чиа* – *кісі*, *ер кісі* деген сөздермен байланыстырады [8, 209].

-даш, -дәш жұрнақтары «XIII» және «Г» ескерткіштерінде кездеседі. Олар зат есімдерге жалғанып, туыстық, жолдастық қатынасты білдіретін атаулар жасаған:

Йолдаш (жолдас, серік): Мен дағы анларға йолдаш болмақ тиләдим – Менің оларға жолдас болғым келді /Г, 151 а 3/.

Көңілдаш (дос, көңілдес): Көңілдаш мән йәнә залым ерүр йар – Мен шын доспын, ал менің досым залым /XIII, 115 в 10/.

Евдаш (әйел): Йақшы ер евдәши йаман болса, жәвр ичиндә ерин ғәмишә қыйнар – Жақсы адамның әйелі жаман болса, ол үнемі ерін азаптар /Г,134 а 6/.

-Даш жұрнағына қатысты да түркітануда түрлі пікірлер айтылады. Н. Остроумов бұл тұлғаны жатыс септігінің -да жалғауы мен ортақтық мағына беретін -ш жұрнағының қосындысынан шыққан деп тұжырымдайды [9, 9]. Ал К.Аханов оны «морфологиялық жылысу процесі мен сіңісу процесінің қатысуы нәтижесінде жасалған құранды жұрнақ» деп есептеген [10, 19]. Жалпы түркітануда жұрнақтар дербес сөздердің күңгірттенуі арқылы пайда болады деген тұжырым бар. Бастапқыда дербес тұрған сөз бірте-бірте көмескіленіп, жұрнаққа айналады да, түбірге кез келген түрде жапсарыла бермей, тілдің ішкі заңдылықтарына бағынады. -Ым жұрнағы ескерткіштерде *-ым, -им, -ум, -м* нұсқаларында кездесіп, бірнеше мағынада қолданылады. Жаңа сөз тудырудың тәсілдерінен субстантивтенуді атасақ болады. Қазақ тілінде сын есім, сан есім, есімше, кейбір модаль сөздер субстантивтенгенде олардың лексикалық мағынасы да, грамматикалық сипаты да, қызметі де өзгереді.

Қорытынды

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи үдерістерді айқындау – отандық тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Орта ғасыр жәдігерлері мен қазіргі тіл арасындағы сабақтастықты лингвистикалық тұрғыдан негіздеуде XIII-XIV ғасырлардағы жазба ескерткіштердің орны ерекше. Қазақ әдеби тілінің бастау көздері ретінде қарастырылатын бұл мұраларды диахрондық және синхрондық аспектіде кешенді зерделеу қажет.

Осы орайда, зерттеуде XIII-XIV ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есім сөздердің жасалу жолдары, қалыптасу деңгейі мен даму ерекшеліктері жан-жақты талданды. Сонымен қатар ескерткіштер тілінде жиі кездесетін сөзжасамдық жұрнақтардың жүйесі анықталды. Қазіргі түркі тілдеріндегі есім сөздер өзіндік семантикалық мағынасы, морфологиялық көрсеткіштері мен синтаксистік қызметі арқылы дараланатын тілдік жүйенің маңызды бөлігі болып табылады. Зерттеу барысында Алтын орда кезеңі ескерткіштеріндегі есім сөздердің сөзжасамдық үлгілері мен олардың тарихи дамуы айқындалды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Утегенова Г.Ж. – ғылыми мақала үшін материалдар жинақтады, жүйеледі, жазба ескерткіштің түпнұсқасы мен аудармасын салыстырды, дереккөздерді іріктеуге қатысты;

Кансеитова Ж.Ж. – ғылыми мақаланы дайындады, зерттеулер жасады, жазба ескерткіш тіліндегі ерекшеліктерді анықтады: түркілік қабаттағы зат есімдердің жасалу жолдарының тарихи дамуын көрсетті, журналға ғылыми мақаланы тіркеді;

Қансейтова Г.Ж. – ғылыми мақала зерттеуін толықтырды, жазба ескерткіштер тіліндегі сөзжасамдық жұрнақтардың тарихи даму жолын түркі тілдерімен салыстыра отырып қарастырды, ғылыми мақаланы журнал талабына сай техникалық рәсімдеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Кононов, А.Н. (1960) Грамматика современного узбекского языка. М.-Л., с. 340.
2. Древнетюркский словарь (1968). Л., с. 820.
3. Дмитриев, Н.К. (1948) Грамматика башкирского языка. М.-Л., с. 171.
4. Керімов, А. (1979) Словообразовательные аффиксы в языке памятников тюркоязычной литературы XIV века: автореферат диссертации на соискание кандидата филологических наук. Алматы, с. 160.
5. Дмитриев, Н.К. (1948) Грамматика башкирского языка. М.-Л., с. 171.
6. Серебренников, В.А., Гаджиева, Н.З. (1986) Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. М: Наука, с. 302.
7. Гулямов, А.Г. (1955) Проблема исторического словообразования узбекского языка: автореферат диссертации на соискание кандидата филологических наук. Ташкент, с. 15.
8. Рамстед, Г.И. (1957) Введение в алтайское языкознание. М., с. 260.
9. Остраумов, Н. (1940) Этимология саратовского языка. М., с. 9.
10. Аханов, К. (1972) Грамматика теориясының негіздері. Алматы, б. 239.

Г.Ж. Утегенова¹, Ж.Ж. Кансеитова¹, Г.Ж. Қансейтова²

¹Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²Университет А. Ясауи, Туркестан, Казахстан

(E-mail: Gulzi_2615@mail.ru, jumagul-73@mail.ru, gulgulkanseitova79@gmail.com)

Способы образования имен существительных в языке памятника «Муқаддимат аль-адаб»

Аннотация. В статье анализируется язык письменного памятника «Муқаддимат аль-адаб» – ценного наследия в изучении истории тюркских языков. Воссоздание истории языка невозможно без опоры на письменные архивы, фиксирующие его состояние в различные исторические периоды. Одной из ключевых проблем в этой области остается дефицит материалов, способных в полной мере отразить языковые особенности, характер и сущность каждой эпохи. В связи с

этим актуальным представляется изучение процессов формирования и развития литературного языка в его неразрывной связи с общенародным языком, диалектами и языком древней письменности.

По сути, памятники древней письменности являются единственным источником, позволяющим объективно судить о генезисе и исторической глубине литературного языка. Их системное исследование – одна из приоритетных задач современной науки. Особое значение в данном контексте имеет определение степени преемственности между средневековыми письменными памятниками и современным языком. Подобный анализ позволяет проследить пути трансформации и этапы становления конкретного языка, что критически важно для изучения истории древнетюркских и современных тюркских языков, включая казахский.

Ключевые слова: тюркские языки, письменный памятник, морфология, имя существительное, словообразование, грамматика, историческая лексика, история языка, семантика.

G.Zh. Utegenova¹, Zh.Zh. Kanseitova¹, G.Zh. Kanseitova²

¹ *M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan*

² *A. Yasawi University, Turkestan, Kazakhstan*

(E-mail: Gulzi_2615@mail.ru, jumagul-73@mail.ru, gulgulkanseitova79@gmail.com)

Ways of noun formation in the language of the "Muqaddimat al-Adab" monument

Abstract. The article analyzes the language of the written monument "Muqaddimat al-Adab," which is a valuable heritage in the study of the history of Turkic languages. The reconstruction of linguistic history is unattainable without written archives that document the state of a language across various historical epochs. A primary challenge in this field remains the scarcity of primary sources capable of reflecting the distinctive features, character, and essence of the language at each stage of its evolution. Consequently, it is imperative to examine the formation and development of the literary language in its integral relationship with the national language, dialects, and ancient scripts.

Ancient written monuments serve as the most reliable evidence of the historical depth of a literary language; therefore, their systematic analysis remains a critical task for modern scholarship. A key objective is to determine the degree of continuity between medieval written sources and the modern language, as this facilitates tracing the trajectories of linguistic change, development, and consolidation. In this regard, research into both Old Turkic and modern Turkic languages, including Kazakh, is of paramount importance.

Keywords: Turkic languages, written monument, morphology, noun, word-formation, grammar, historical lexis, language history, semantics.

References

1. Kononov, A.N. (1960) *Grammatika sovremennogo uzbekskogo jazyka*. M.-L., s. 340. [in Russian]
2. *Drevnetjurkskij slovar'* (1968). L., s. 820. [in Russian]
3. Dmitriev, N.K. (1948) *Grammatika bashkirskogo jazyka*. M.-L., s. 171. [in Russian]
4. Kerimov, A. (1979) *Slovoobrazovatel'nye affiksy v jazyke pamjatnikov tjurkojazychnoj literatury XIV veka: avtoreferat dissertacii na soiskanie kandidata filologicheskikh nauk*. Almaty, s. 160. [in Russian]
5. Dmitriev, N.K. (1948) *Grammatika bashkirskogo jazyka*. M.-L., s. 171. [in Russian]
6. Serebrennikov, V.A., Gadzhieva, N.Z. (1986) *Sravnitel'no-istoricheskaja grammatika tjurkskikh jazykov*. M: Nauka, s. 302. [in Russian]
7. Guljamov, A.G. (1955) *Problema istoricheskogo slovoobrazovanija uzbekskogo jazyka: avtoreferat dissertacii na soiskanie kandidata filologicheskikh nauk*. Tashkent, s. 15. [in Russian]
8. Ramsted, G.I. (1957) *Vvedenie v altajskoe jazykoznanie*. M., s. 260. [in Russian]

9. Ostrauimov, N. (1940) Jetimologija saratovskogo jazyka. M., s. 9. [in Russian]

10. Ahanov, K. (1972) Grammatika teorijasynyn negizderi. Almaty, b. 239. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Утегенова Г.Ж. – ф.ғ.к., Журналистика және қазақ тілі кафедрасының доценті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан.

Кансеитова Ж.Ж. – Журналистика және қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан.

Қансейтова Г.Ж. – PhD, Түрік филологиясы кафедрасы, А. Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан.

Утегенова Г.Ж. – к.ф.н., доцент кафедры Журналистика и казахский язык, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

Кансеитова Ж.Ж. – старший преподаватель кафедры Журналистика и казахский язык, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

Кансейтова Г.Ж. – PhD, кафедра турецкой филологии, Университет А. Ясави, Туркестан, Казахстан.

Utegenova G.Zh. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Journalism and Kazakh Language, M. Aueзов South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan.

Kanseitova Zh.Zh. – Senior Lecturer of the Department of Journalism and Kazakh Language, M. Aueзов South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan.

Kanseitova G.Zh. – PhD, Department of Turkish Philology, A. Yasawi University, Turkistan, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).